6D02307 – «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Кембаева Айнур Тураровнаның «Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені» (Ш.Мұртаза шығармашылығы бойынша) тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы.	1.1 Ғылымды дамытудың бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Кембаева Айнур Тураровнаның «Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені» (Ш.Мұртаза шығармалары бойынша) тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалған: 1) ҚР Тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы); 2) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және басқа да мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарда көрсетілген міндеттерді шешуге бағытталған ҚР «Білім туралы заңы»; 3) ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы).
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Диссертация кандай да бір мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған.

		2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	Диссертация қандай да бір мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.
		3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	А.Т.Кембаеваның «Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені» (Ш.Мұртаза шығармалары бойынша) атты тақырыптағы диссертациялық жұмысы 6D02307 – «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы аясында орындалған. Сонымен қатар диссертациялық жұмыс ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытының «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер» секілді мамандандырылған ғылыми бағыттармен өзара сәйкеседі.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Дайындалған диссертациялық жұмыс тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін айқындауға, тілдік тұлға болмысын көрсетуге, соның ішінде қазақ руханиятының белді өкілі Ш.Мұртазаның шығармалары негізінде көп дискурсты тұлға болмысын көрсетуге бағытталған. Нақтылап айтқанда: 1) Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменінің болмысы лингвистикалық, тұлғатанымдық (лингвоперсонология), әлеуметтік, мәдениеттанымдық аспектіде қарастырылып, ғылыми диссертациялық деңгейде белгілі қаламгер Ш.Мұртаза шығармаларының көп дискурсты тұлғалық болмысы нақты зерттеу нысаны ретінде алынып теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты қарастырылған. 2) Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін лингвистикалық аспектіде зерттеу арқылы тілдік тұлға моделі, көп дискурсты тұлға болмысы, тілдік тұлғаның идиостилі, когнитивтік-прагматикалық сипаты Ш.Мұртаза шығармалары негізінде ғылыми теориялық және практикалық тұрғыдан зерделенген. Тілдік тұлғаны зерттеу барысында лингводидактикалық және лингвомәдениеттанымдық бағыттар аясында бөліп қарастырып, олардың когнитивтік, прагматикалық, коммуникативтік, ұлттық, гендерлік, жанрлық, әлеуметтік аспектілеріне шолу жасап (16-17 бб.), тілдік тұлға табиғатын танытуға бағытталған ғылыми талдаулар жасауы жұмыстың ғылыми жаңалығы деп танылады. 3) Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін көрсетуде тілдік тұлға компоненттері (экстралингвистикалық, когнитивтік, вербалды,

			коммуникативтік-жанрлық, сөйлеу әрекеті мен интенциялар) айқындалып, дискурстық тұлғаның қалыптасу жолдары мен тұлғаның құзыреттілік мүмкіндіктері ғылыми тұрғыдан жан-жақты карастырылған. 4) Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалықтары ретінде Ш.Мұртаза шығармалары негізінде тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін айқындауда тұлғаға тән тілдік деңгейді, дискурстық деңгейді, тілдік қабілеті мен тілдік тәжірибиесін дискурстық кеңістікте карастырып, тұлғаның дискурсттық қызметті жүзеге асырудағы әлеуетін прагмалингвистика, лингвоперсенология, дискурсология, лингвокогнитология, лингвомәдениеттану секілді ғылым салаларының аралығында карастыруының нәтижесінде жүзеге асырған. Сондықтан диссертациялық жұмыс көп салалы, іргелі зерттеулерге негізделген лингвоперсонология ғылымының мазмұнын байытуға, сол арқылы тұлға болмысын бедерлеуші дискурстық тұлға, көп дискурсты тұлға, публицистикалық тұлға, саяси тұлға, ұлттық тұлға секілді компоненттерді синкретті тұрғыда тануға **елеулі үлес қосады.** Сонымен диссертациялық жұмыстан алынған нәтижелері мен анықталған ғылыми қорытындылары когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоперсонология, лингвокоммуникация, мәтін лингвистикасы секілді тоғыспалы ғылым салаларының жекелеген мәселелерінің дамуына ғылыми теориялық және практикалық тұрғыдан **маңызды** жоғары деп санаймыз. Осы ретте докторанттың ғылыми жұмысы зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптармен өзара сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстағы ғылыми нәтижелер лингвистикалық тұрғыдан негізделген, тілдік материалдарға тәжірибиелік тұрғыдан талдаулары қажетті ғылыми әдістерді қолдану арқылы дәлелденген. Зерттеудің жетекші идеясы мен болжамы диссертацияда толық көрсетілген.
3.	Өзі жазу принципі.	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың жұмысты өзі жазу **деңгейі жоғары**, тақырыпты толық игерген, академиялық жазу мен ғылыми стилді меңгерген, логикалық ой қайшылығы жоқ, өзіндік сыни пікірі қалыптасқан, ғылыми тілі орныққан. Диссертанттың өзі жазу деңгейінің жоғарылығы Ш.Мұртаза шығармаларындағы тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін когнитивтік-прагматикалық тұрғыдан талдауынан, дискурстық кеңістіктегі сөйленістерді саралауынан, ұлттық-мәдени концептілер аясын топтастыруынан, жазушы шығармаларындағы аксиологиялық құндылықтар жүйесі мен идиостилінің

			бағдарын көрсете отырып, дискурстық, концептілік талдаулар жасауы арқылы дәйектелген. Докторант жазушы шығармаларындағы зерттеуге қажетті материалдарды ғылыми тұрғыдан сұрыптап, көркемдігі жоғары, философиялық мәні басым мәтіндерді тиімді әдіс-тәсілдер негізінде дұрыс талдай білген.
4.	Ішкі бірлік принципі.	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілік негіздемесі тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін Ш.Мұртазаның шығармалары негізінде дискурстық кеңістікте зерделеніп, қаламгердің көркем туындылары, публицистикалық материалдары, философиялық ой-толғамдарындағы тілдік материалдар таңдалып, оларға лингвистикалық, когнитивтік, прагматикалық, дискурстық, стилистикалық, мәдениеттанымдық, персонологиялық аспектілер аясында зерттеулер жүргізген. Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін ғылыми тұрғыдан көрсету барысында тұлға моделінің биологиялық, әлеуметтік, психологиялық, жеке-тұлғалық параметрлері «Тілдік тұлға – Дискурс – Дискурстық тұлға» үштігінің аясында кешенді түрде қарастырылып, оларға практикалық мысалдар арқылы талдаулар жүргізеді (18-21 бб.). Сонымен қатар тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін зерттеу барысында, тілдік тұлға феноменін зерттеудің бірнеше ғылыми қағидаларын ұсына білген (27 б.). Зерттеу жұмысында тілдік тұлға табиғатын жұмыстың өн бойында әр түрлі аспектілер арқылы ғылыми тұрғыдан толықтай **негізделген**.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың ішкі мазмұны тақырыптық атауымен өзара үндеседі және жұмыстың мазмұны мен зерттеудің тақырыбы бірін бірі **толықтай айқындайды**. Зерттеу жұмысында көзделген мақсат-міндеттерге байланысты зерттеу жұмысы үш тарауға бөлініп берілген. Бірінші тарауда тілдік тұлғаның мәдени болмысы, когнитивтік-прагматикалық сипаты, тұлға дискурсының ерекшелігі, көп дискурстылықтың мәдени-әлеуметтік мәселелері ғылыми теориялық тұрғыдан қарастырылған. Диссертацияның екінші тарауында Ш.Мұртаза тілдік тұлғасын айқындаушы компоненттер қаламгердің дискурстық әлеуеті, вербалды-семантикалық кеңістігіндегі когнитивтік моделдердің берілуі, автор туындыларына арқау болған концептілік бірліктердің қолданысы, жазушы шығармаларының ерекшелігін айқындаушы идиостилі нақты мысалдарды талдаулар арқылы айқындалған. Ал жұмыстың үшінші тарауы да диссертация тақырыбының мазмұнына сәйкес түзілген. Үшінші тарауда Ш.Мұртаза дискурсындағы лингвофилософиялық ой

			өрімдерінің прагматикалық қырлары көрсетіліп, автордың публицистикалық туындыларындағы лингвопрагмемалар мен тілдік стратегиялардың құрылуы, олардың оқырманға әсері, оқырманның аксилогиялық тұрғыдан қабылдауы, ұлттық құндылықтар жүйесінің мәнділігі автордың дүниетанымдық ұстанымы мен идиологемаларына лингвистикалық талдаулар негізінде көрсетілген. Сонымен қорытындылай келгенде, диссертация мазмұны тақырыптың атауын толық аша алады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **<u>сәйкес келеді;</u>** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу жұмысының тақырыбына толығымен **сәйкес келеді**. Атап айтқанда: диссертант тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені көрсету барысында мәтін мен дискурстың арасындағы байланысты тереңдетіп зерттеу арқылы, дискурсеманың негізгі белгілері көрсетіліп, дискурс түрлерінің жіктелісін (48-49 бб.) жазушы шығармалары арқылы талдауы зерттеу тақырыбымен өзара үндеседі. Зерттеу мақсатына сәйкес тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін Ш.Мұртаза шығармалары негізінде автор дискурсына тән ерекшеліктерді 3 түрге бөліп қарастыруы, дискурстық тұлғаның әлеуеті көп дискурсты тұлға деңгейіне көтерілу жолдарын қарастырып, нақты тілдік материалдар негізінде ғылыми тұжырымдар жасаған (50 б.). Докторанттың зерттеу мақсатына сәйкес жасалған әрбір міндеттері (7 б.) жұмыстың өн бойында көрініс тауып, ғылыми тұжырымдары мен жаңалығынан, тілдік талдауларынан айқын көрінеді. Диссертанттың алға қойған міндеттері диссертацияда өз шешімін тапқан және мақсатына сәйкес орындалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **<u>толық байланысқан;</u>** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан өзара **толық байланысқан**. Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Докторанттың зерттеу жұмысындағы бөлімдер аралығындағы логикалық-мазмұндық байланыс сақталған, зерттеудің ой жүлгесі жүйелі түрде өзара байланысқа құрылған. Сондай-ақ жалпы жасалған теориялық тұжырымдары, тараушалар бойынша жасаған қорытындылары, әрбір практикалық талдаулары да бөлімдер мен ережелері өзара толық байланысқа құрылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі	Автордың қорғауға ұсынып отырған диссертациясындағы қағидаттар мен әдістер, ғылыми шешімдер ізденуші тарапынан **сыни талданған**, бұрыннан белгілі шешімдермен өзара салыстырылған. Автор ұсынған жаңа шешімдер:

		шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	1. Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін көрсету барысында ретроспективті тілдік тұлғаның мәтіндер корпусына талдау жасап, лингориторикалық реконструкция әдісін қолданып, сөйлеу тұлғасы, коммуникативтік тұлға, мәтіндік тұлға, дискурстық тұлға түрлері мен олардың тілдік құзыреттіліктерін көрсетеді (19 б.); 2. Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін қалыптастырушы факторларды көрсетумен қатар (мәдени, әлеуметтік, әлеуметтік-лингвистикалық, институционалдық, медиа және цифрлық, тарихи әлеуметтік), көп дискурсты тілдік тұлғаны қалыптастырушы шығармашылық факторларда (дүниетанымдық синтез, эстетикалық көркемдік ойлау, дискурсаралық шығармашылық, рухани тәжірибие және өзін-өзі тану, мәдениетаралық тілдік интерференция, автордың идиостилі, жеке дүниетаным) көрсете отырып, оларға теориялық және практикалық салыстырулар мен талдаулары сыни талдауға негізделген (53-57 бб.); 3. Ш.Мұртазаның көп дискурсты тұлғалық сипатының құндылықтық, танымдық, мінез-құлықтық, бейнелілік деңгейлері көрсетіліп, олардың ғылыми түсіндірмелері жасалып, тұлға портреті мен концептуалдық әлемінің болмысы ғылыми қағидаттар мен әдістер арқылы берілген (61 б.); 4. Зерттеу барысында Ш.Мұртазаның дискурстық кешеніне тән жазушылық, публицистік, журналистік, философтық, баспагерлік секілді тұлғалық қырларына сыни талдау жасалып, дискурсттық қабаттардың белсенділік сипаттарын көрсетуін сыни ойлау нәтижесі деп санаймыз (65-69 бб.); 5. Автор зерттеу жұмысында Ш.Мұртазаның тілдік кеңістігі мен көп дискурсының 3 өлшемін (хронологиялық, материалдық, когнитивтік) көрсетіп, жазушының мәтіндер корпусындағы дискурсемаларға жасаған топтастырулары мен жүйелеу жұмыстары жаңашыл шешімге негізделген деп санаймыз (69-71 бб.); 6. Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін көрсету барысында қаламгер шығармаларындағы «Қазақ халқы», «Ұлт», «Намыс», «Рух» секілді концептілік бірліктерге жасаған талдаулары (75-81 бб.), пайдаланған әдіс-тәсілдері, қорытынды шешімдері сыни талдауларға құрылып, ғылыми тұрғыдан негізделген.
5.	Ғылыми	5.1 Ғылыми нәтижелер мен	Докоранттың зерттеу жұмысы бойынша алынған ғылыми нәтижелері мен

	жаңашылдық принципі.	ережелер жаңа ма? 1) **<u>толығымен жаңа</u>;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	ережелері тұлғатану, тұлға болмысы, тұлғаның салалық көрсеткіштері, тұлғалық өлшем-шарттардың теориялық және практикалық тұрғыдан мазмұнын толықтырады. Автордың тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін Ш.Мұртаза шығармалары негізінде көрсетуге қатысты зерттеу жұмысы лингвоперсонологиялық бағытта кешенді түрде орындалып отырғандықтан, **толығымен жаңа** болып саналады. Осы ойымызды нақтылай түсеек: 1. Тілдік тұлғаның көркем дискурсындағы «Адам», «Тағдыр», «Әділет», «Сенім», «Жауапкершілік» секілді философиялық концептілерге автор ұстанымы тұрғысынан жасаған талдау жұмыстарының тұжырдары жаңа (80-82 бб.); 2. Тілдік тұлғаның шығармашылық әлеміне аркау болған ұлттық-мәдени концептілерді анықтап, оларды нақты мысалдармен дәйектеулері мен талдау жұмыстары жаңа (83 б.); 3. Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы ұлттық-мәдени концептілер қолданысының жиілік көрсеткішін анықтап, олардың когнитивтік моделіне, фреймдер тізбегіне, санадағы ойсуреттерге сипаттама жасауы жаңа (85-86 бб.); 4. Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін көрсетудегі идиостильдің когнитивтік, коммуникативтік, сөйлеу әрекетіндегі қызметін көрсетіп, идиостильдің 4 түрлі (тілдік, стильдік, коммуникативтік, когнитивтік) аспектісін көрсетуі жаңа нәтиже саналады; 5. Ш.Мұртазаның поэтикалық туындыларындағы көркемдік элементтерге лингвистикалық талдаулар жасау арқылы автордың тілдік, жанрлық, прагматикалық, когнитивтік, риторикалық, аксиологиялық ерекшеліктерін көрсетуі мен лингвориторикалық механизмдеріне теориялық және практикалық талдаулары мен ғылыми тұжырымдары жаңа. Сонымен докторантың зерттеу жұмысындағы нәтижелері мен жасаған ұсыныстары **толығымен жаңа**, маңызды, лингвоперсонология саласындағы мәселелерді шешуге өзіндік ықпал етеді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) **<u>толығымен жаңа</u>;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Докторант тарапынан жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы бар нәтижелер алынған, зерттеу жұмысы бойынша қорытындылары **толығымен жаңа**. Ондағы қорытындылардың жаңалық деңгейі төмендегідей: Біріншіден, тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменіне қатысты

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	тұжырымдары мен прагматикалық жіктемелері, қолданыс аясына қатысты бірнеше түрлерге бөлуі мен тілдік талдаулары жаңа; Екіншіден, тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменіне қатысты теориялық тұжырымдары мен лингвистикалық талдау үлгілері, ұсынылған ғылыми қағидаттары жаңа; Үшіншіден, Ш.Мұртаза шығармаларындағы философиялық толғамдарын бірнеше тақырыптық топтарға бөліп (130 б.), фонетикалық, лексикалық, синтаксистік қолданыстарының ерекшелігін көрсетіп, ретроспекция, когезия, коллонация, қайталаулар, субституция, риторика секілді бірліктерге қатысты тілдік талдауларының нәтижесі жаңа; Төртіншіден, тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменіне көрсетудегі тұлға болмысының қоғамдық өмірдегі, шығармашылық әлемдегі, рухани-мәдени кеңістіктегі, саяси аренадағы, ақпараттық арнадағы орны мен әрекеттестігіне қатысты ғылыми тұжырымдары мен тілдік талдауларын жаңашыл қадам деп санаймыз.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **<u>толығымен жаңа</u>;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертациялық зерттеудің мақсатына жету үшін қолданған техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Докторанттың тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін Ш.Мұртаза шығармалары негізінде зерттеуі жаңа. Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін көрсету барысындағы ғылыми теориялық және тілдік материалдары техникалық және технологиялық тұрғыдан жабдықталған, заманауи зерттеу технологияларына негізделген зерттеу нәтижелері жаңа. Докторант тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін көрсетуге негізделген ғылыми шешімдері. Ш.Мұртазаның философиялық дискурсында риторикалық құралдарды (риторикалық, экскламациялар, жалпылама немесе риторикалық қаратпалар, нұсқау, пайымдаулар, бағалаушылық лексика, фразеологиялық тіркестер – мақал-мәтелдердің қолданылуы) (143-145 бб.) анықтап, олардың қолданыс ерекшелігіне қатысты ғылыми практикалық талдаулары лингвофилософия ғылымының категорияларын сипаттауға қосқан жаңалығы деп санауға болады. Докторант тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін Ш.Мұртаза шығармалары негізіндегі зерттеу жұмысы салааралық мәселелер аясында қарастырылған, атап айтқанда лингвоперсонология, лингвокоммуникация, лингвокогнитология, мәтін лингвистикасы салаларына қатысты басқару шешімдері **толығымен жаңа** деп санаймыз.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі.	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда аукымды дәлеллемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолотатив ресеч) және өнертану және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған барлық негізгі пайымдаулары, ғылыми тұжырымдары, зерттеу қорытындылары ғылыми әлеуетімен ерекшеленеді. Зерттеу қорытындылары тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін көрсетудегі теориялық тұжырымдары зерттеу бағытына сай ғылыми әдебиеттердің талдануы **негізінде** жасалған. Сонымен қатар докторанттың жасаған тұжырымдары мен қорытындылары ғылыми концептуалдық тұрғыдан дәлелдеуге тырысқан, яғни әдебиеттану, журналистика, лингвокоммуникация, масс-медиа, философия секілді ғылым салаларын өзара үйлесімді ұштастыру арқылы, диссертацияның түпкі мақсатын анықтайтын қорытындылары тілдік тұлға болмысын тануға негізделген. Зерттеу нысанына алынған тілдік материалдары Ш.Мұртазаның көркем, публицистикалық, философиялық, саяси дискурстарының мәтіндеріне **негізделген.** Қорғауға ұсынылып отырған диссертация бойынша терең және сапалы зерттеу жүргізілген. Докторант теориялық материалдарды толыққанды талдаған, практикалық материалдарды дұрыс және мақсатқа сай пайдалана білген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер.	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ.** 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін	1. Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденген. Себебі докторант ғылыми теориялық және практикалық мәселелерді нақты дереккөздерден алған, ғылыми базасы қалыптасқан, ғылыми дәйектер мен тілдік материалдарды ұтымды пайдалана білген; 2. Докторанттың қорғауға ұсынған қағидатты тривиалды емес. Өйткені зерттеу жұмысы бірнеше ғылымдар тоғысындағы жаңаша зерттеу бағыты негізінде таңдалған. 3. Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін Ш.Мұртаза шығармалары негізінде көрсетуде лингвоперсонологиялық зерттеу жүргізуінің нәтижесінде алынған тұжырымдары мен қорытындылары, тұлғатану, шығармашылық тұлға, саяси тұлға, көп дискурсты тұлға секілді тұлға болмысын көрсетудегі ізденістері жаңа. 4. Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін көрсетуге бағытталған зерттеу жұмысының қолданылу деңгейі кең, себебі лингвоперсонология саласы қоғамның барлық құбылыстарын қамтитын, тілдің үлкен бір құрамдас бөлігі саналады. 5. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда - 7

		емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең;** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **иә;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	(жеті), халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында – 12 (он екі), республикалық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында – 2 (екі), шетелдік ғылыми журналларда – 1 (бір) мақаласы жарияланып, диссертацияда көрініс тапқан.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі.	8.1 Әдіснаманы таңдау - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) **иә;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың әдіснамасын таңдау жұмысы сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың мазмұнында нақты сипатталған. Тақырыпқа қатысты басшылыққа алынған дереккөздер мен ғылыми әдебиеттер зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде тиімді қолданылған. Зерттеу жұмысының әдістемесі тақырып пен жұмыстың мақсат-міндеттеріне сай таңдалған. Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде берілген сипаттамалық, контекстік, концептуалдық талдау, лингвостилистикалық, салыстырмалы, интерпретациялық, дискурстық талдау, лингвомәдени және когнитивтік модельдеу, жинақтау, жүйелеу, қорыту секілді көптеген әдіс-тәсілдерді кеңінен ұтымды қолдана білген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **иә;**	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертация мазмұнында: 6 сызба, 9 кестеден тұратын арнайы компьютерлік технологияларды қолдану арқылы сызбалар мен кестелер жасалған.

		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) **ия;** 2) жоқ.	Докторант тарапынан жасалған теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар ғылыми зерттеулермен және эмпирикалық зерттеулермен **толық дәлелденген және расталған**: - тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін кешенді түрде зерттеу жолдары қарастырылып, зерттеудің көптеген алғышарттары жасалып, тілдік тұлға болмысының қалыптасу жолдары мен онтологиялық ерекшеліктері көрсетілген; - тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін көрсетуде Ш.Мұртаза шығармашылық әлемі арқылы автордың жазушылық, журналисттік, драматургтік, саясаткерлік, философтық, қайраткерлік, ұлтжандылық сипаттары көрсетілген; - тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін көрсетуге қатысты материалдар жинақталып, ғылыми теориялық және практикалық талдаулар жасалып, әралуан эксперименттік зерттеу үлгілері берілген; - тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін зерттеу барысында көпсалалы ғылыми бағыттардың категориялары концептілер жүйесінің семантикалық мазмұны мен мен когнитивтік семантикасын айқындаған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста көптеген осы зерттеуге дейін аралықта жазылған әлемдік және отандық ғылыми әдебиеттерге шолу жасалған, ғылыми мәліметтер теориялық тұрғыдан сарапталған, дәлелді сілтемелер жасалған және де тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін көрсетуге бағытталған зерттеу материалдары сенімді сілтемелермен **расталған**.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертациядағы пайдаланылған әдебиеттер саны **жеткілікті**. Ондағы нақты сілтемелер арқылы дәйектелген ғылыми әдебиеттер саны – 189, ал тілдік материалдар ретінде пайдаланылған көркем әдебиеттер саны – 52. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тақырыпқа қатысты таңдалған, барлық әдебиет диссертация мәтінінде көрініс тапқан, сілтемелері берілген.
9	Практикалық құндылық принципі.	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен пайымдаулары, зерттеуде әзірленген жалпы теориялық қорытындылар тіл біліміндегі лингвоперсонология саласындағы зерттеулердің теориялық негіздерін нақтылай түсуге үлес қосады. Сондай-ақ салааралық лингвокоммуникация,

			лингвокогнитология ілімдерінің теориялық негіздемелерін дамытуға ықпал етеді. Зерттеу жұмысындағы тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменіне қатысты зерттеулері тұлғатану ғылымының дамуына негіз болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **иә;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулары лингвоперсонология, дискурсология, лингвокоммуникация, когнитивтік лингвистика салаларының теориясына және тұлға болмысын ғылыми тұрғыдан анықтауға өзіндік үлес қосады. Зерттеу материалдарының практикалық маңызы мынада: когнитивтік лингвистика, тұлғатану, лингвостилистика пәндерін ұйымдастыруда, концептілік, дискурстық талдау жасауда, оқу үдерісінде курстық және дипломдық жұмыстар үшін пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Докторанттың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін көрсетуде дискурстық тұлға, көп дискурсты тұлға, саяси тұлға, ұлтжанды тұлға, публикалық тұлға секілді тілдік тұлға болмысының компоненттеріне қатысты ғылыми тұжырымдары мен практикалық ұсыныстары жаңа. Сонымен қатар, Ш.Мұртаза тілдік тұлғасын когнитивтік және лингвориторикалық аспектіде қарастыру ұсыныстары **толығымен жаңа** болып саналады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы.	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Докторанттың зерттеу жұмысындағы академиялық жазу сапасы жоғары. Зерттеу жұмысында академиялық жазу сапасының ерекшеліктері мен талаптары толық сақталған. Диссертациядағы теориялық тұжырымдар, алынған ғылыми нәтижелер ішкі тұтастығымен және өзара бірін бірі толықтыруымен сипатталады. Диссертациялық жұмыстың орындалуы мен жаңалығы шынайы. Негізделген ғылыми тұжырымдары ғылыми этикаға сай, қорытындының деңгейлері жоғары және практикалық мәні басым. Зерттеу жұмысындағы әрбір бөлім бойынша жасалған тұжырымдары дәлелді және келесі бөлімде логикалық тұрғыдан өз жалғасын тауып отырады. Академиялық жазу сапасының ерекшеліктері нақтылық, объективтілік, қисындылық сипаты толық сақталған. Сондай-ақ жалпы қорытындылар мен практикалық ұсыныстары тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін көрсетуге негізделген. Сонымен аталған жетістіктер дайындалған диссертацияның академиялық тұрғыдан жазылу сапасының **жоғары** екендігін көрсетеді.
11.	Диссертацияға		Диссертацияның мазмұнына қатысты ұсыныс-ескертулер:

	ескертулер.		1. Диссертациялық зерттеу барысында тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феноменін кешенді түрде зерттеу жүргізуде, тілдік тұлға қалыптасуының генетикалық компоненттері тұлға дамуының бастапқы көрсеткіші екендігі және қазіргі заманауи ғылымдағы генетикалық инженерияның тұлға қалыптасуына әсері туралы мәселеге де мән беру қажет болар еді деп санаймыз. 2. Дискурс барысында тұлға харизмасы басты орынға шығып, тілдік коммуникацияға алуан түрде әсер ететіндігі белгілі. Сондықтан зерттеу жұмысындағы көп дискурсты тұлға болмысын көрсету барысында тұлға харизмасының дискурсты жандандырудағы рөлі дейтін мәселе назардан тыс қалған секілді. Көп дискурсты тұлға болмысының қалыптасуына тұлға харизмасында қосымша қарастырса жұмыс сапасы арта түсер еді деп санаймыз. Алайда бұл ескертпелер зерттеудің ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық маңызына нұсқан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді).		Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда - 7 (жеті), халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында – 12 (он екі), республикалық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында – 2 (екі), шетелдік ғылыми журналдарда – 1 (бір) мақаласы жарияланып, диссертацияда көрініс тапқан. Бұл мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысына ұсынылған. Диссертанттың мақалалары зерттеу жұмысының теориялық және практикалық негізін құрайтын тарауларымен сәйкеседі және ғылыми деңгейі жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-		Кембаева Айнур Тураровнаның 6D02307 – «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені» (Ш.Мұртаза

	тармағына сәйкес).		шығармашылығы бойынша) тақырыбындағы диссертациялық жұмысына он баға бере отырып, диссертациялық жұмысының өзектілігі өткір, мақсат-міндеттері айқын, ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы жоғары зерттеу жұмысы ретінде бағалай отырып, еңбектің авторы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймыз.

Ресми рецензент төменлегі шешімді қабылдады:
1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

6D02307 – «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Кембаева Айнур Тураровнаның «Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені» (Ш.Мұртаза шығармашылығы бойынша) тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР ҒжЖБМ-нің «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сай келеді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Кембаева Айнур Тураровнаға 6D02307 – «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.

Ресми рецензент:
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, Қазақ тілі теориясы және
оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған
профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

15.09.2025 ж.

С.А.Жиреков